

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ
МЕКТЕБІ
ЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫ

Кәсіпкерлік пәні
Андабаева Г.К.



ДӘРІС 3

Кәсіпкерлік орта

1. Кәсіпкерліктің ішкі ортасы
2. Кәсіпорынға әсер ететін сыртқы орта факторлары
3. Бәсеке және бәсекеге қабілеттілігі



ДӘРІС 3

Сабақтың мақсаты:

**Кәсіпкерлік ортаның мәні мен
құраушыларымен танысу.**

Бәсекелестік орта түсінігін сипаттау.

Әдебиеттер:

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 480 бет
2. А.М. Есиркепова / Кәсіпкерлік: Оқу құралы. – Қараганды: «Ақнұр баспасы». – 2017. – 268 бет.
3. А.Н. Токсанова Основы предпринимательской деятельности. – Астана, 2007. – 480 с.

1. кәсіпкерліктің ішкі ортасы
2. кәсіпкерліктің тікелей сыртқы ортасы
3. кәсіпкерліктің жанама сыртқы ортасы
4. мақсаттар
5. еңбек ресурстары
6. корпоративтік мәдениет
7. ұйымдық құрылым
8. міндеттер
9. инновация
10. бәсекелестік
11. сыртқы ортаның экологиялық факторы
12. кәсіпкерлікке әсер ететін экономикалық жағдай факторлары
13. демографиялық жағдай факторлары
14. саяси жағдай факторлары
15. тұтынушылар



НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

1. Кәсіпкерліктің ішкі ортасы

Ішкі кәсіпкерлік орта факторлары кәсіпкерлік құрылымдардың қаржы-шаруашылық қызметтерімен және сол қызметтер барысында қалыптасатын қатынастармен тікелей байланысты.



Макроорта

Саяси факторлар

Экономикалық факторлар

СЫРТҚЫ ОРТА

Акционерлер

Тасымалдаушылар

ҰЙЫМ

Одақтар

Бәсекелестер

Несие берушілер

Сатып алушылар

Ішкі орта:
Ұйым құрылымы
Маркетинг
Ресурстар
Қаржы
Қызметкерлерді басқару
Ақпараттық жүйе
Корпоративтік мәдениет
Ғылыми-зерттеу және дамыту


Табиғи факторлар

Микроорта

Демографиялық факторлар

Ғылыми-техникалық прогресс

Ішкі кәсіпкерлік орта субъективті
сипатта болады және көп
жағдайда кәсіпкердің (лидердің)
өзіне, оның біліктілігіне, басқара
білу, өзгерістерге бейімделе
білу сияқты жеке бас
қасиеттеріне байланысты
болады. Ішкі кәсіпкерлік орта
ұжымдағы моральдық-
психологиялық климатқа да
байланысты.




2. Кәсіпорынға әсер ететін сыртқы орта факторлары

Сыртқы кәсіпкерлік орта – бұл кәсіпкерлік қызметке, оның қалыптасуы мен дамуына тікелей немесе жанама ықпал ететін сыртқы факторлар мен жағдайлардың жиынтығы.



Сыртқы кәсіпкерлік орта
кәсіпкерлік қызметті сыртқы
реттеудің күрделі жүйесі болып
табылады. Сондықтан дара
кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар
үшін объективті сипатта болады,
себебі олар сыртқы кәсіпкерлік
ортаны (заңдар, табиғи-климаттық
жағдайлар және т.б.) өзгерте
алмайды, бірақ өз істерін жүргізу
барысында ескерулері қажет.



Халықаралық	Халықаралық бәсекелестік. Әлемдегі әскери қақтығыстар. Терроризм деңгейі. Халықаралық көрмелер, конференциялар.
Саяси	Демократия деңгейі. Жекелеген елдерде болып жатқан саяси реформалар. Елдегі сыбайлас-жемқорлықтың, қылмыстық жағдайдың деңгейі.
Экономикалық	Инфляцияның орташа жылдық қарқыны. Елдегі қаржы жүйесінің жағдайы. Банктік пайыздар деңгейі. Елдегі жиынтық меншік құрамындағы жеке меншіктің үлес салмағы. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты салықтардың мөлшерлемесі. Инвестициялық климат. Көлеңкелі және криминалды экономика деңгейі.
Әлеуметтік-демографиялық	Елдегі тұрғындардың ішкі және сыртқы көші-қоны (миграциясы). Тұрғындардың табыс деңгейі, әлеуметтік жағдайы, білімі, жынысы, жасы бойынша (халықтың қартаюы) құрылымы, құрамы.
Құқықтық	Кәсіпкерлікті дамыту қағидаларына сай құқықтық база. Кәсіпкерлікті реттейтін құқықтық актілердің сақталуын прокурорлық бақылау сапасы.
Сыртқы орта	Сыртқы орта факторлары
Экологиялық	Техногенді апаттар. Жекелеген қалалар мен аумақтардың экожүйесінің параметрлері. Мемлекеттің экологиялық бағдарламаларды қаржыландыру деңгейі. Экожүйенің жағдайын реттейтін құқықтық база.
Табиғи-климаттық	Климат. Табиғи апаттар. Табиғи ресурстардың қоры, олардың орналасуы.
Ғылыми-техникалық	Өнеркәсіптік өндіріс пен құрылыстың автоматтандырылу деңгейі. Елдің компьютерлендірілу, ғаламтормен қамтамасыздандырылу деңгейі. Жұмысшылардың жалпы санындағы ғылыми қызметкерлер санының үлес салмағы. Ғылыми мамандардың материалдық қамтамасыздандырылу деңгейі.

3. Бәсеке және бәсекеге қабілеттілігі


Бәсеке – қандай да бір құндылықтарды иелену үшін индивидтер, топтар немесе қоғам арасындағы күрес.


Бәсекелестіктің негізгі қағидаларына мыналар жатқызылады:

- Жарыспалылық
- Адалдық
- Заңдылық
- Тұтынушылардың құқықтарын сақтау.



Ішкі кәсіпкерлік орта субъективті
сипатта болады және көп
жағдайда кәсіпкердің (лидердің)
өзіне, оның біліктілігіне, басқара
білу, өзгерістерге бейімделе
білу сияқты жеке бас
қасиеттеріне байланысты
болады. Ішкі кәсіпкерлік орта
ұжымдағы моральдық-
психологиялық климатқа да
байланысты.





Нарықтық экономика жағдайында бәсекелік артықшылықты қамтамасыз ету. фирманы дамытудың негізі болып табылады.

Бәсекелік артықшылық деп кәсіпорын қызметінің экономикалық, техникалық, ұйымдастырушылық сферасында бәсекелестерден басымдықпен көрінуін айтамыз. Оны түрлі экономикалық көрсеткіштермен өлшеуге болады (табыс, жоғары табыстылық, нарықтық үлесі, сату көлімі).




Бәсекелік артықшылық – өнімнің өзіндік құнының төмен нәтижесі, жанашылдық енгізу, нарық қажеттілігіне тез әсер ету (бейімделу), персоналдың біліктілігі мен еңбек өнімділігінің деңгейі, өндірілетін өнімдердің сапасы мен техникалық деңгейі, басқарушылық шеберлігі, басқарудың әртүрлі деңгейлерінде стратегиялық ойлаудың жоғары болуы және өзге ұтымды жағдайларды білдіреді.



Бәсекеге қабілеттілік- қандай да бір объектінің белгілі бір нарыққа ұсынылған ұқсас объектілермен салыстырғанда нақты қажеттілікті шынайы немесе әлеуетті (потенциалды) қанағаттандырудың дәрежесін сипаттайтын қасиеті. Бәсекеге қабілеттілік осы нарықтағы ұқсас объектілермен салыстырғанда бәсекеге төтеп беру қабілетін айқындайды.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – компанияны басқару проблемасының барлық спектрі бойынша оның бәсекелік артықшылық нәтижесі.

Қайталауға арналған сұрақтар:



1. Кәсіпкерлік қызметтің барлық субъектілерін атаңыздар, өзара байланыстарын талдаңыздар.
 2. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілерін атап, сипаттама беріңіздер.
 3. Кәсіпкерлік орта дегеніміз не? Ондағы кәсіпкердің орна қандай?
 4. Кәсіпкерлік ортаның негізгі элементтерін атаңыздар.
 5. Кәсіпкерліктің микроортасына жататын әсерлерді сипаттаңыздар
 6. Компанияның сыртқы орта факторларын атаңыздар
1. Нақты кәсіпорынға әсер ететін микро және макроорта факторларын атаңыздар, олардың қайсысы шешуші болып табылады, жауаптарыңызды дәлелдеңіздер
 2. Компанияның өмірлік циклының кезеңдерін атап, нақты кәсіпорын бойынша талдаңыздар
 3. Өз сөзіңізбен корпоративтік кәсіпкерлік не екенін түсіндіріп беріңіздер
 4. Мына ұйымдар халықаралық кәсіпкерлікке қалай әсер етеді: NAFTA, ДСҰ және ЕО?
 5. Халықаралық альянстардың қандай нысандары бар?
 6. Халықаралық нарыққа енгенде Д.Ф. Куратко бойынша кәсіпкер қандай бес арнайы қадам жасауы керек?



НА ЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ